

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 15 қаңтардағы N 3 бұйрығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N 77 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 16 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4121. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі N 115 бұйрығымен.

-----*Бұйрықтан үзінді*-----

Қолданыстағы заңнамамен сәйкес келтіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1)

2)

3)

4) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 15 қаңтардағы N 3 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N 77 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4121 болып тіркелген);

2.

М и н и с т р

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 15 қаңтардағы N 3 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 30 маусымдағы N 52 , 2000 жылғы 11 наурыздағы N 28 , 2000 жылғы 26 сәуір N 40 , 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 265 бұйрықтармен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 667 тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Тіркеу қызметі комитетінің" деген сөздерден кейін ", Діни істер комитетінің" деген сөздермен толықтырылсын;
үшінші абзацта "қызметіне" деген сөзден кейін ", діни бірлестіктерді

қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;
төртінші абзацта "заңды тұлғалардың" деген сөздерден кейін ", діни бірлестіктерді қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;
бесінші абзацта "діни басқармаларды (орталықтарды), республиканың екі немесе одан көп облыстарының аумақтарында қызмет ететін діни бірлестіктерді, сонымен бірге, олармен құрылатын діни оқу мекемелерін, монастырларды және өзге бірлестіктерді;" деген сөздер алып тасталсын.

мынадай мазмұндағы 2-нші бөлікпен толықтырылсын:

" Д і н и і с т е р к о м и т е т і :

Әділет министрлігінің аумақтық органдарының діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты; діни бірлестіктердің және Әділет министрлігінің аумақтық органдарының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелерін реттейтін заңнамалардың талаптарын сақтауын бақылауды;

республиканың екі немесе одан көп облыстарының аумақтарында жұмыс істейтін діни басқармаларды (орталықтарды), діни бірлестіктерді, сондай-ақ олар құратын діни мекемелерді, монастырларды және басқа да бірлестіктерді тіркеуді (қайта тіркеуді және таратылуын тіркеуді) жүзеге асырады."

2. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Әділет министрі